

## **"Оқжетпес" республикалық жастар лагері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің өкімін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 қазан N 1267

"Оқжетпес" республикалық жастар лагері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3003 N963003\_ өкімін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Ақмола, Көкшетау облыстарының әкімдерімен бірлесіп белгіленген заң тәртібімен "Мечта" профилакториясын Степногорск қаласы кен-химия комбинатының "Целинный" холдинг компаниясының балансынан алып, "Оқжетпес" республикалық жастар лагерін орналастыру үшін, сонымен бірге объектінің сақталуы жөніндегі шараларды көздей отырып, Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің балансына беруді іске асырсын:

"Мечта" профилакториясы базасында "Оқжетпес" республикалық жастар лагерін құрсын;

"Оқжетпес" республикалық жастар лагерін Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің қарамағына берсін.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі 1996 жылдың соңына дейін Қотыркөл өзенінің аумағындағы экологиялық жағдайды жақсарту жөнінде шаралар әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі Білім министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде:

Қазақстан Республикасының үкіметіне - "Оқжетпес" республикалық жастар лагері туралы Ережені;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне - сараптау жүргізу және инвестиция көздерін айқындау үшін "Оқжетпес" республикалық жастар лагерін қайта жаңартуға техникалық-экономикалық негіздемені;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне - жастар лагерін ұстауға жұмсалған шығыстардың және оны ұстауды қаржыландырудағы республикалық бюджеттің үлесін айқындау үшін оның жұмыс істеуінен түскен кірістерді болжау негіздемесін әзірлеп, бекітуге берсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі "Оқжетпес" республикалық жастар лагерін құруды "Ана мен баланың денсаулығын қорғау" туралы мемлекеттік бағдарламаға енгізісін.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Қаржы министрлігі 1996

жылдың 1 желтоқсанына дейін адамдардың тегін сауықтыру шараларына құқығы бар санаттарын және жастар лагерінің оларды ұстауға жұмсалған шығындарын өтеу тәртібін айқындасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК